**Оқулыққа**
**2025 жылғы «30» маусымдағы №540**
**ғылыми-медициналық сараптаманың қорытындысы**

| **Қажетті параметр (бағалау критерийі)** | **Ақпараттың болуы (өлшемшартқа және белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ақпарат)** |
|---|---|
| Қолжазбаның атауы | «Балалардағы жұтқыншақ аурулары» оқулық |
| Болжалды таралым | 100 дана |
| Шығарылған жылы | 2025 |
| Автордың (авторлардың) тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми дәрежесі мен атағы, жұмыс орны, лауазымы | **Күлімбетов А.С.** – С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің оториноларингология кафедрасының профессоры, м.ғ.д. |
| Рецензенттер | **1. Таукелева С.А.** – ҚРМУ-нің оториноларингология курсының меңгерушісі, профессор;<br>**2. Ермұханова Г.Т.** – С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің балалар стоматология кафедрасының профессоры, м.ғ.д.<br>**3. Сеңгірбаев Д.И.** – С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің урология кафедрасының профессоры. |
| Пәннің атауы (осы пәнге жататын циклды, оқу басылымы дайындалған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тиісті жіктеуіші бойынша кодты көрсету) | «Ересектер, балалар отоларингологиясы» пәні.<br>Медициналық жоғары оқу орындарының студенттеріне, интерндерге, резидентура тыңдаушыларына, магистрлерге. |
| ***Құрылымы мен дизайнына қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау*** *(Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру тәртібі туралы Ережеге сәйкес)* | |
| Титул парағы және артқы жағы | Алдыңғы және артқы жағын ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту бойынша әдістемелік ұсынымдар талаптарына сәйкес. Авторлар туралы мәліметтер жоқ (лауазымы, жұмыс орны, ғылыми немесе академиялық дәрежесі);<br>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК бекітілген және баспаханалық жолмен жариялауға рұқсат етілген (_______ жылғы №__). |
| Қысқартулар тізімі | Қысқартулар, шартты белгілер, рәміздер тізбесі ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың талаптарына сәйкес қосылуы тиіс. |
| Мазмұны | «Мазмұны» жаңа беттен бастап белгілер мен қысқартулардан кейін орналастырылады, олар орналастырылған беттің нөмірін көрсете отырып. |

| | |
|---|---|
| Кіріспе | «Кіріспе» оқулықтың маңызды бөлімдерінің бірі саналады және жеке бетте берілуі тиіс. «Мазмұны» бөлімінен кейін ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсыныстардың талаптарына сәйкес. |
| Басылымның негізгі мәтіні | Мәтіндік бөлікті безендірудің жалпы ережелеріне сәйкес, қаріп түрін Times New Roman етіп өзгертіңіз, негізгі мәтіндегі қаріп өлшемі-14pt (ескертулер мен кестелер үшін қаріп өлшемі - 12pt рұқсат етіледі). Жол аралығы-1. |
| Қорытынды | «Қорытынды» ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсыныстардың талаптарына сәйкес қосылуы тиіс. |
| Әдебиеттер тізімі | «Әдебиеттер тізімі» ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсыныстардың талаптарына сәйкес қосылуы тиіс. |
| Басылымды ресімдеу сапасы (қазақ, ағылшын, орыс тілдерінің нормаларын сақтау, дизайн) | Деректер қазақ тілінде жазылған, стилистикалық дәлсіздіктер жоқ. |
| Оқулықтың көлеміне қойылатын талап-кемінде 9 баспа парағы | Сәйкес келеді. Жұмыс А4 форматындағы 145 парақта ұсынылған, бұл 9 б. п. сәйкес келеді. |
| ***Мазмұнға қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау***<br>*(Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру тәртібі туралы Ережеге сәйкес)* | |
| ҚР БҒМ МЖМБС, ҚР жоғары білім беру біліктілігінің ұлттық шеңберіне, ҚР салалық біліктілік шеңберіне, Кәсіби стандартқа сәйкестігі тұрғысынан оқу басылымының жұмыс тұжырымдамасын бағалау; | Оқу басылымының жұмыс тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына; Қазақстан Республикасындағы Ұлттық біліктілік шеңберіне; Қазақстан Республикасының салалық біліктілік шеңберіне, Кәсіби стандартқа толық сәйкес келеді. |
| Оқу басылымының мазмұнын қазіргі ғылыми деңгейге (нақты бағыт бойынша), оқытудың күтілетін нәтижелеріне; олардың қол жетімділігін бағалаудың объективті критерийлеріне сәйкестігін бағалау; | Оқу басылым қазіргі ғылыми деңгейге сәйкес келеді. Оқытудың күтілетін нәтижелеріне және мазмұнға қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келеді. |
| Теориялық білім, оны талдау және түрлендіру әдістемесі, оны қолданудың практикалық дағдылары негізінде кәсіби салаға қатысты нақты өнімді құру қабілетін қалыптастыруға бағытталуы. | Оқу құралы жұтқыншақтың анатомиясы, физиологиясы және қызметтері жөнінде толыққанды теориялық мәлімет ұсынады. Әрбір бөлім құрылымдалған түрде, жүйелілікпен ұсынылған, бұл білім алушының теорияны жүйелі түрде меңгеруіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, жұтқыншақтың лимфаденоидтық сақинасына жеке бөлім арнау – саланың морфологиялық және иммунологиялық аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.<br>Жұтқыншақ ауруларының кең көлемді жіктелуі (фарингит, тонзиллит, аденоидтар, бөгде денелер, күйіктер және т.б.) |

| | |
|---|---|
| | және олардың біріншілік және екіншілік түрлерге бөлінуі — алынған білімді талдауға және аурулар арасындағы айырмашылықты бағамдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, салыстырмалы диагностика алгоритмдері студенттің теориялық білімін нақты клиникалық шешімдермен байланыстыруға жол ашады. |
| Оқу басылымындағы оқу материалын ұсынудың және өзектендірудің әдістемелік жүйесін, оның құзыреттілікке бағытталған білім беру технологияларына бейімделуін бағалау. | Жұтқыншақ ауруларына арналған оқу басылымы оқу материалын ұсыну мен өзектендіру тұрғысынан әдістемелік жүйеге сай, логикалық құрылымдалған.<br>Материалдың мазмұны құзыреттілікке бағытталған білім беру технологияларына жоғары деңгейде бейімделген, болашақ медицина мамандарының кәсіби дағдыларын қалыптастыруға толық мүмкіндік береді. |
| Оқу басылымының мазмұны мен ресімделуіне қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптардың сақталу дәрежесі. | Оқулықтың мазмұны мен дизайнына қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптар сақталды. |

**Сараптамалық қорытынды:** «Балалардағы жұтқыншақ аурулары» оқулығы жоғарыда келтірілген ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып, оқу материалы ретінде ұсынылуы мүмкін.
**Шешім:** «Балалардағы жұтқыншақ аурулары» оқулығы бекітілсін және берілген ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, баспаханалық тәсілмен басып шығаруға рұқсат етілсін.

**Сарапшылар тобы:**
Сараптама тобының төрағасы,
Медициналық білім және ғылым
департаментінің директоры,
х.ғ.к. доцент, MBA А. Мурат

Сарапшылар тобының мүшелері:
1. «Оториноларингология» және «Педиатрия» бағыттары бойынша тәуелсіз сарапшылар (ғылыми-медициналық сараптама жүргізу жөніндегі тәуелсіз сарапшылар базасынан)
2. Әдістемелік және техникалық қолдау тобы:

Медицина ғылымын дамыту
орталығының бас маманы, магистр Г.Т. Калымжан

**ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы ҰҒДСДО» ШЖҚ РМК**
**Басқарма Төрайымының орынбасары** **А.Б. Табаров**